



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

Студенттер мен жас ғалымдардың
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 6-8 сәуір, 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
студентов и молодых учёных
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Алматы, 6-8 апреля 2022 г.

MATERIALS
International Scientific Conference
of Students and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
Almaty, 6-8 April 2022

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-8 сәуір 2022 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-8 апреля 2022 года

MATERIALS

International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-8, 2022

Председатель редакционной коллегии:
Мейрбаев Б.Б. – кандидат философских наук, профессор,
декан факультета философии и политологии

Заместители председателя редакционной коллегии:
Аликбаева М.Б. – заместитель декана по научно-инновационной работе и международным связям
Абдирайымова Г.С. – заведующая кафедрой социологии и социальной работы
Алгожаева Н.С. – заведующая кафедрой педагогики и образовательного менеджмента
Курманалиева А.Д. – заведующая кафедрой религиоведения и культурологии
Құранбек Ә.А. – заведующий кафедрой философии
Мадалиева З.Б. – заведующая кафедрой общей и прикладной психологии
Насимова Г.О. – заведующая кафедрой политологии и политических технологий

Материалы международной научной конференции студентов и молодых учёных «Фараби әлемі», Алматы, Казахстан, 06-08 апреля 2022г. – Алматы: Қазак университеті, 2022. – 992 с.

ISBN 978-601-04-

В сборнике представлены доклады, выступления, тезисы участников международной научной конференции студентов и молодых учёных «Фараби әлемі», организованной Советом молодых учёных, преподавателями, магистрантами и докторантами факультета философии и политологии.

В работе конференции приняли участие молодые учёные из разных вузов Казахстана и зарубежных стран. В данном сборнике содержатся статьи и тезисы по актуальным проблемам философии, социологии, культурологии, социальной работы, религиоведения, психологии и педагогики.

Статьи изданы в авторской редакции.

УДК
ББК

ISBN 978-601-04-

© КазНУ имени аль-Фараби, 2022

ЖАС ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАР ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУДІҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 3 курс PhD докторанты **Еламанова А.С.**

Ғылыми жетекші: әлеум.ғ.к., аға оқытушы **Авсыдыкова К.А.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Аңдатпа. Жалғызбасты аналар санының көбеюі отбасының тарихи-дәстүрлі функциясына өзгеріс енгізуде. Толық емес отбасындағы жас ананы әлеуметтік бейімдеу әлеуметтік шынайы жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Дәстүрлі отбасылық және гендерлік стереотиптер басым қазіргі қоғамда отбасының басқа формаларын реттеудің әлеуметтік-мәдени тетіктері мен нормативтік негіздері толыққанды жүйеленбеген. Мақалада жалғызбасты аналардың отбасында жүзеге асырылуы міндетті саналатын функциялар жіктеледі. Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің нәтижелі жүргізілуі оның қоғамнан өз орнын табуына, білім алып, мамандық игеруіне, баласын тәрбиелеп қатарға қосуына ықпал етеді.

Кілт сөздер: отбасы құндылығы, жалғызбасты ана, әлеуметтік бейімдеу, ана мен бала құқығы, отбасы функциялары, өмірлік мұраттар

Әрбір адам өмірінің рухани өзегі – оның отбасы екені анық. Сондықтан отбасылық құндылықтарды дәріптеу, зайырлы мемлекеттің негізі болатын отбасы институтын нығайту, отбасындағы ана мен бала құқығын қорғау мәселесі жылдан жылға өзекті болуда. Адамзат тарихында отбасы институты түрлі тарихи өзгерістерден өтті. Басқасын айтпағанда соңғы жылдары толық отбасында өмір сүру, некелік қарым-қатынастар, отбасында бала тәрбиелеу, ата-ананың жауапкершілігі сияқты құндылықтардың әлсіреуі отбасы институтының даму тенденцияларын зерделеуді талап етіп отыр.

Осы мәселені зерттеуші қазақстандық ғалымдардың бірқатары отбасы құндылығы маңызының төмендеуіне жаһандану заманында белең алған қарама-қайшы үдерістер себеп болып отырғандығын атап көрсетеді. «Дәл осы себептен отбасы дамуындағы үрдістер мен бағыттарды талдау мәселесі адамзат өмір сүруінің тұлғалық және әлеуметтік болмысы формасының негізі ретінде» алдыңғы орында болуы тиіс деп жазады [1, 5].

Қоғам мемлекеттің негізін және оның құрылымының тұтастығын құрайтын әртүрлі негізгі әлеуметтік институттардан тұрады, ол-отбасы, жұмыс, кәсіп және т.б. Дәстүрлі құндылықтар қоғамның іргелі құндылықтарының негізін құрайды. Қоғамның әлеуметтік-тарихи эволюциясы барысында дәстүрлі құндылықтар қоғамның генетикалық сәйкестігін сақтауға жауап береді. Дәстүрлі құндылықтар микро және макро деңгейлерде жұмыс істейді. Микролокальды деңгей-бұл отбасы, балаларды тәрбиелеу және әлеуметтендіру процесі. Макродеңгей-бұл ұлтпен, мемлекетпен және ұлтты қалыптастыратын белгілі бір саяси, мәдени және тарихи рәміздермен бірлестік деңгейі [2, 42]. Құндылықтарды қабылдау олардың өмір сүру уақытына және олар қалыптасқан әлеуметтік-технологиялық жағдайларға байланысты.

Жастардың құндылық бағдарларын зерттеуге республикадағы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы да қомақты үлес қосуда. Аталған орталық 2015 жылдан бастап жыл сайын ересектер (18 жастан жоғары) мен жастар (14 жастан 29 жасқа дейін) арасындағы құндылықтарды зерттеу тақырыбына әлеуметтік зерттеулер жүргізеді. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша Мемлекеттік органдардың өзекті ресми статистикалық деректерін талдау, әлеуметтік, ғылыми зерттеулердің нәтижелері жыл сайынғы «Қазақстан жастары. Молодежь Казахстана» Ұлттық баяндамасында жарияланып тұрады. Жыл сайынғы баяндама қызығушылық танытқан тұлғаларға жастардың құндылық бағдарларының динамикасын бақылауға, негізгі трендтер мен оның қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Соңғы төрт жылда (2017-2020 жж.) жастар құндылықтарының динамикасында түбегейлі өзгерістер байқалмағаны атап өтілді.

2020 жылы жастардың негізгі құндылықтары отбасы (85,2 %), денсаулық (51,8 %) және достық (28,3%) екені анықталды [3].

Байқап отырсақ, қазіргі жастар үшін отбасы құндылығы басты орында екендігі, әрине, қуантарлық жағдай. «Өйткені, отбасы – қоғамның негізгі әлеуметтік институты, адам өмірінің ошағы. Бүгінгі күннің өмір салты мен талаптарына сәйкес отбасы институты өзінің дәстүрлі формасынан жаңа модельге біртіндеп өзгеріп келе жатыр» [4].

Ал сол отбасындағы ананың орны, жауапкершілігі туралы қазір аз жазылып жүрген жоқ. Себебі отбасының функционалды-рөлдік құрылымының өзгеруінде отанасы-әйелдің ықпалы зор. Қазіргі жаһандану заманындақ әйелдің өмірлік мақсат-міндеті, қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы орны бұрынғы кезеңмен салыстыруға мүлде келмейді. Бұл өз кезегінде қоғамда отбасылық қарым-қатынастың бір түрі болып қабылданған жалғызбасты аналар отбасының көбеюіне себепші болуда.

Жалғызбасты аналар тек қазақстандық қоғамның ғана емес, әлемде жиі кездесетін мәселеге айналды. Оның себептері көп: кәмелетке толмай жүкті болып, некесіз бала тапқандар, өздері үшін некесіз бала туып алуды мақсат еткен кәрі қыздар, ажырасу нәтижесінде жалғыз өзі бала тәрбиелеп отырғандар, бала асырап алушы аналар және тағы басқалар. Қалай болғанда да бұның бәрі қазіргі қоғамның құндылықтар жүйесімен байланысты екенін жоққа шығармаймыз. Жаһандық өзгерістер нәтижесінде дәстүрлі отбасын құру отбасылық-неке қатынастарының бірегей үлгісі болудан қалып, толық емес отбасы күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналуда.

Ата-ананың біреуінің болмауы, нақтылап айтқанда біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған жас ананың жалғыз өзі баласын асырауы отбасының дәстүрлі тәрбиелік мүмкіндіктерін және отбасылық-некелік мінез-құлықтың әлеуметтік-мәдени үлгілерін трансформацияға ұшыратуда. Жас жалғызбасты аналардың басына түскен қиындықтар мен кедергілер олардың өмірлік мақсаттарына ықпал етіп, құндылық бағдарларының өзгеруіне әкеледі. Сол себепті толық емес отбасындағы жас ананы қоршаған ортадағы шынайы өмірге әлеуметтік бейімдеу, оны қоғамның толыққанды мүшесі етіп дамыту мәселесі көптеген ғалымдардың назарын аударып келеді.

Толық емес отбасындағы ананың жалғыз өзінің отбасылық функцияларды жүзеге асыруы, отбасылық рөлдерді жалғыз орындауы оның көп мөлшерде физикалық, моральдық және рухани күш жұмсауын, өз мүмкіндіктерін барынша жетілдіруді, тіпті кейде қосымша ресурстарды іздеуін талап етеді. Бұған, өкінішке қарай, әрбір жас жалғызбасты ана барлық тұрғыдан дайын деп айта алмаймыз. Ресейлік ғалым И.Буянова осы ретте толық емес отбасындағы әйелдің әлеуметтік-мәдени бейімделуі көп жағдайда оның өмірлік мұраттарына, құндылық бағдарларына және жеке моральдық қасиеттеріне, қиындықтарды жеңе білу ерекшелігіне көп байланысты деп жазады [5, 8].

Жас жалғызбасты ананы әлеуметтік бейімдеу бір-бірімен өзара байланысты және өзара кіріктірілген құндылық компоненттерінен тұрады. Басқалай айтқанда қоғамда қабылданған жалпыға ортақ мәдени құндылықтар, нормалар мен дәстүрлер, екінші жағынан, жас ананың өзінің құндылық бағдарлары, өмірлік идеялары мен көзқарастары түйіскен жағдайда ғана әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының нәтижелі болатыны сөзсіз. Бұл жалғызбасты ананың бейімдеу процесін оңтайлы қабылдауы, бейімделу қажеттілігін түсінуі, өзінің құндылық бағдарларын, идеяларын және мінез-құлқын белгілі бір бейімделу сәтінде әлеуметтік-мәдени ортаның өзгерген жағдайларына сәйкес келтіруге деген ұмтылысынан байқалады.

Жалғызбасты ананы қоғамдық өмірге нәтижелі тұрғыда әлеуметтік бейімдеу бұл ананың өзіне ғана емес, оның асырауындағы баланың тағдырына да жағымды әсер етеді. Жас жалғызбасты аналардың басына түскен түрлі қиындықтарды еңсере алмауы салдарынан балаларын тірі жетім қып тастап кететін немесе балалар үйіне өткізетін фактілер аз емес. Жас жалғызбасты аналардың басындағы әлеуметтік, материалдық-экономикалық, кәсіби-еңбек, моральдық, эмоционалды-психологиялық, медициналық, құқықтық және бала тәрбиесіне қатысты қиындықтары, мемлекет пен туыстар тарапынан жеткілікті дәрежеде қолдаудың болмауы оның әлеуметтік жағдайын тұралатып, күйзеліске алып келуі әбден мүмкін. Бұл

әсіресе, жас аналардың көбісінде кездеседі, себебі олар психологиялық және материалдық тұрғыдан баланың өмірі, денсаулығы және тәрбиесі үшін жауапкершілік алуға дайын емес. Кейін осындай балалар қоғамның маргиналды тобының қатарын толықтырып жатады [6, 62].

Қазіргі қоғамдағы жалғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделу процесі мен нәтижесі объективті және субъективті әлеуметтік-мәдени факторлар кешенімен анықталады. Жалғызбасты ананың әлеуметтік жағдайына жанама әсер ететін мәдени, әлеуметтік және экономикалық факторлар объективті болып табылады. Ал оның бейімделу санасы (құндылық бағдарлары, өмірлік мұраттары), бейімделу қарым-қатынасы, бейімделу мінез-құлқы және қызметі субъективті факторларды құрайды.

Сондықтан әлеуметтік бейімдеу психологиялық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, гендерлік және басқа аспектілердің бірлігінде көрінетін көпжақты процесс екенін атап өтуіміз керек.

Жалғызбасты аналар бүгінде әлеуметтік құрылымда белгілі бір статусқа ие болып, қоғам оны мойындайтын дәрежеге жеткенімен, толық отбасына қарағанда күйзеліс пен қиындықтарға көбірек ұшырайтыны анық. Қазақстандық ғалымдар жалғызбасты аналардың моральдық дайындығының жоқтығы және материалдық-экономикалық жетіспеушілік пен тұрақсыздық, тұрмыстық жетіспеушілік салдарынан балаларының девиантты мінез-құлққа бейім екенін жазып жүр. Осы аталған проблемаларды жою жолдарын ресейлік ғалымдар да белсенді түрде қарастырып келеді [7].

Жас қыздың жалғызбасты анаға айналуы себебінен әлеуметтік мәртебесі мен гендерлік рөлінің өзгеруі өзіне деген сенімділігін жойып, көңіл-күйі мен ынтасына теріс әсер ететін және әлеуметтік-мәдени бейімделуді қиындататын көптеген проблемалар мен қиындықтарға апарады. Ол қиындықтардың ең бастысы материалдық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық жағдайға байланысты. Оның сыртында қоғамның теріс көзқарасы да моральдық соққы береді.

Қазіргі заманғы жас жалғызбасты аналарды бейімдеу кезінде олардың отбасындағы гендерлік рөлдердің деформациясы қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы толық емес отбасы субъектілерінің өмір сүру, жұмыс істеу және қарым-қатынас ерекшеліктерін, эмоционалды-психологиялық, тәрбиелік, әлеуметтік-экономикалық және басқа ресурстарды және олардың өмір салтының ерекшеліктерін анықтайтындығын ескеру қажет.

Отбасы институт ретінде жеке тұлғаның барлық жағдайын жасауды, денсаулығын сақтауды, әлеуметтік бейімделуін, оның тәрбиесін және тағы басқа міндеттерді қамтамасыз етеді. Жалғызбасты анадан ғана тұратын отбасы да осы функцияларды орындауы тиіс. Енді осы функцияларға тоқтала кетейік.

Репродуктивті функция. Ерлер мен әйелдердің репродукциялық қызметі адамзаттың жалғасы болып табылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 15-49 жастағы әйелдер арасында туудың жалпы коэффициенті 1 000 адамға 21 тууды, бұл көрсеткіш қалалық және ауылдық жерлерде 1 000-ға тиісінше 20 және 23 тууды құрайды. 15-19 жастағы жас өспірімдердің арасындағы туу коэффициенті 1 000 әйелге 36 тууды құрайды екен [8]. Өкініштісі, толық емес отбасында, яғни жалғызбасты аналар отбасында бұл репродуктивті функция іс жүзінде жалғаспауы мүмкін. Сонымен қатар, толық емес отбасында жыныстық функцияны жүзеге асырудың шектелуіне байланысты әйелдердің туу мүмкіндігі де азаяды.

Отбасының тәрбие беру функциясы алғашқы әлеуметтік бақылау функциясымен жалғасып жатыр. Бұл отбасы мүшелерінің мінез-құлқын моральдық реттеуді, өмірдің әртүрлі салаларында, сондай-ақ отбасы мүшелері арасындағы қатынастардағы жауапкершілік пен міндеттемелерді қамтиды.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексіне» сәйкес бала тәрбиесінде «Ата-аналардың өз балаларына қатысты тең құқықтары және тең міндеттері (ата-ана құқықтары) болады» [9]. Отбасы бұзылған жағдайда, көп жағдайда тәрбиелеу функциясы тек аналарда болатыны, ал әкелердің бала тәрбиесіне араласпай кететіні рас. Жалғызбасты аналардың әкесіз өсіріп отырған баласын тым еркелетуі немесе аса қатал ұстау жағдайлары кездесіп отырады. Бұндай отбасында әке рөлін сезінбегендіктен отбасылық

қарым-қатынастың аясы тар болып, бала бір жақты тәрбие алады, яғни әлеуметтік және дәстүрлі отбасылық тәжірибе қалыптастыруда баланың көзқарасы шектеулі болады.

Рекреациялық функция және өзін-өзі сақтау функциясы. Бұл отбасындағы қауіпсіздік пен психологиялық жайлылықты қамтамасыз етуді қамтиды, отбасы мүшелерінің қауіпсіз және толыққанды өмір сүруі мен дамуының шарты болып табылатын денсаулықты қорғау және өзара қамқорлық жасаудан тұрады. Жалғызбасты ана баласының толыққанды дамуы үшін бар күшін салады, бірақ сыртқы түрлі жағдайларға байланысты оған денсаулықты және әлеуметтік-психологиялық тұрақтылықты сақтау қиынға түсіп жатады. Жалғызбасты ананың баласын мейірімін төге отырып тәрбиелеуі әйелдің өзінің әлеуметтік көңіл-күйінің деңгейіне, сондай-ақ отбасының материалдық-экономикалық жағдайына тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн. Қолдау көрсететін жұбайының болмауы салдарынан жас анада эмоциялық күйзелістер жиі болып тұратынын да ескеру керек.

Экономикалық функция. Ол отбасын материалдық қамтамасыз етуге, кәмелетке толмағандар мен мүгедектерді экономикалық қолдауға, жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін материалдық құралдарды пайдалануға негізделген. Біз толық отбасында экономикалық қиындық жоқ демейміз, бірақ жалғызбасты анаға бір мезгілде отбасының асыруашысы да, тәрбиешісі де болу оңайға соқпайды. Нәрестесі бар жас жалғызбасты аналардың табыс көзі тек баланың жәрлемақысы болуы мүмкін, оның көлемі барлық қажеттілікті өтеуге жетпейді.

Шаруашылық-тұрмыстық функция. Бұл функция жас ананың қайда, қандай жағдайда өмір сүруіне байланысты. Қалаға қарағанда ауылда шаруашылық жұмыстары (мал бағу, егін, үй шаруасындағы жұмыстар және т.б.) өте көп. Ал қалада ауыр жұмыс жоқтың қасы. Жалғызбасты болғандықтан ана баласын тұрмыста өзіне өзі қызмет көрсетуге ертерек үйретеді, бала барынша дербестікке ыңғайланады.

Әлеуметтік статустық функциясы отбасы мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік мәртебе берумен байланысты. Қоғамның жалғызбасты аналарға көзқарасы әрқелкі, көп жағдайда жағымсыз. Жалғызбасты ананың немесе ажырасқан әйелдің статусы әлеуметтік тұрғыдан мақұлданбайды, әрі құқықтық тұрғыдан нақтыланбаған.

Бейімделу функциясы. Бейімделу жалғызбасты ана мен баланың нормативтік мінез-құлық үлгілерін меңгеру арқылы, отбасы мүшелерінің құндылық бағдарларын өзгерту арқылы да жүзеге асырылады.

Бос уақытты ұйымдастыру функциясы отбасылық демалыс мүмкіндігінің аздығымен (жалғызбасты болғандықтан уақыты пен мүмкіндігі үйлеспеуі мүмкін) түсіндіріледі.

Отбасының функцияларын зерделеу қазіргі қоғамда жалғызбасты аналардың әлеуметтік бейімделуін объективті және субъективті факторлар айқындайтынын көрсетіп отыр. Сондықтан дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастармен салыстырғанда жалғызбасты аналардың отбасында кездесетін қиындықтарды ескере отырып жүргізген әлеуметтік бейімдеу жұмыстары оңтайлы болады.

Отбасының тұтастығын сақтау және жоғарыда біз атап өткен функцияларын жүзеге асыру жалғызбасты аналардан үлкен күш-жігерді және айналасындағы адамдардың: туыстары, достары, әріптестері және тағы басқалардың қолдауын талап етеді. Толық емес отбасында болу әйелдің құндылық бағдарларын қайта қарастыруға, өзінің жағдайына, жағдайына, сондай-ақ мүмкіндіктері мен ресурстарына деген көзқарасты қайта қарауға және оны басқаратын әйелдің өмірлік ұстанымын жандандыруға әкелуі мүмкін.

Қазіргі уақытта жас жалғызбасты аналар, әдетте, баланы бағып, өсіру үшін тиісті тәжірибе мен материалдық мүмкіндіктерге ие емес, бұл олардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады. Оларға мемлекеттік көмек, әлеуметтік және психологиялық қолдау қажет. Әлеуметтік бейімделу процесі еңбек етуді ата-ана болу рөлімен, баланың ауруымен, босану кезіндегі асқынулармен және босанғаннан кейінгі депрессиямен үйлестіре алмауымен қиындауы мүмкін.

Сапалы медициналық және психологиялық көмек алуға қол жеткізудің қиындығы жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеу жолында қиындық тудыратын фактілердің бірі. Әсіресе күйзелістегі аналарға психологиялық қызмет көрсететін орталықтардың болмауы

немесе санының аздығы жалғызбасты аналардың адекватты емес жағдайларға баруына әкеп соғып жатады.

Жалғыз аналарды әлеуметтік бейімдеу процесінде олардың онлайн форматтағы жұмыс түрлерін меңгеруіне мүмкіндік беру бір жағынан қосымша табыс алуға қол жеткізсе, екіншіден, өмірге дұрыс көзқарасын қалыптастырып, күйзелістен жеңіл шығуына ықпал етіп жатады.

Қорыта айтқанда, жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің мақсаты – жалғызбасты ананың тұлғалық дамуында белгілі бір сандық және сапалық өзгерістерге қол жеткізу: қызметтің барлық салаларында әлеуметтік рөлдерді оңтайлы біріктіру; оның отбасының әл-ауқатын арттыруға мүмкіндігін жоғарылату және өзін-өзі толық жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шаукенова З.К., Соловьева Г.Г., Бурова Е.Е. Отбасы – Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы/З.К.Шаукенованың жалпы редакциясымен. Институт семьи как фактор стабильности казахстанского общества/Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 222 б.
2. Ростовская Т.К., Калиев Т.Б. Ценностные ориентиры современной молодежи: особенности и тенденции: монография /- Москва: РУСАЙНС, 2019. — 228 с.
3. Национальный доклад «Молодежь Казахстана - 2020». «National report Youth of Kazakhstan — 2020». Коллектив авторов: Удербасева Г. Ж., Сабитов Ж. М, Жусупова А. С., Жолдыбалина А.С., Ермаханова С.А., Шакенов М. А., Абуова Д.Г., Ахантаева С.Ж., Сакошев А. К., Паули Э. С. Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2020 г.
4. Жаңа жағдайдағы неке мен отбасы мәселелері. Қол жеткізу режимі: <https://strategy2050.kz/news/zha-a-zha-dayda-y-neke-men-otbasy-m-seleleri/>
5. Буянова И.С. Социокультурная адаптация женщины из неполной семьи в современном российском обществе : Дис. ... канд. социол. наук : 22.00.06 Ставрополь, 2006. 175 с.
6. Круглова Е.Л. Малолетнее материнство как социальный феномен в современной России. Дис. ... канд. социол. наук. 22.00.03 Москва, 2013. 172 с.
7. Заякина Ольга Александровна. Жизнедеятельность монородительской семьи как социологическая проблема : Дис. ... канд. социол. наук : 22.00.04 : Екатеринбург, 2003 164 с.
8. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Мульти-индикаторлық кластерлік зерттеу. Тарау 4. Репродуктивті денсаулық. Жанаңартылған: 07.06.2019 12:01 Қол жеткізу режимі: https://stat.gov.kz/for_users/cluster/chapter4
9. Неке (ерлі зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы 518-IV Кодексі. Электрондық ресурс. Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>.

PROBLEMS OF SOCIALIZATION OF CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDERS IN ALMATY

Социальная работа, докторантура 1 курс Елеусизова Н.Т.

Научный руководитель: Дуйсенова С.М. PhD, и.о. доцента кафедры социологии и социальной работы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби

Abstract. *This article is devoted to the generalization and systematization of the theory and application of socialization to children with autism spectrum disorders (ASD). Typical problems of autistic children are considered, which are associated with social adaptation and integration. An attempt was made to divide the problems of socialization of children with ASD into two categories: clinical, psychological, pedagogical problems and institutional problems. The first category includes problems directly related to the defective structure of the ASD, and the second category includes problems arising from the specific circumstances of the functioning of social institutions. Attention is focused on the fact that the most active research and development is carried out in the field of solving problems of the first type which makes it possible to develop programs for correcting developmental*

Ажирова А.Е. ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ	783
Бақтыбаев Ж.Ш., Сейтқалым А.С. ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ	789
Бахытжан А., Әлқожаева Н.С. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ АЛ-ФАРАБИ ТАҒЫЛЫМДАРЫ	794
Дәуренбекова А.К., Мукашева А.Б. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗЕТ ЕТІТІН БАЛАЛАР ӨМІРІНДЕГІ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ РӨЛІ	799
Кудайберген А.С., Ақрамова А.С. САМОРЕГУЛЯЦИЯ В КОНТЕКСТЕ УЧЕБНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ	801
Касымова Р.С., Жолдыбаева А. КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ - ТАБЫСТЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ШАРТЫ	806
Касымова Р.С., Тілеубекова А. Т. ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ СТУДЕНТТЕР БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ	809
Қуат Қ.Б., Қусанов А.К. РУХАНИ ЖАНҒЫРУ	815
Караева Т.Н., Таубаева Ш.Т. ПЕДАГОГ ТҮЛҒАСЫ МЕН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	817
Қожаназарова Б., Әрінова Б.А. ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ	822
Қапанова А.Ш., Бақтыбаев Ж.Ш. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ НЕГІЗДЕРІ	827
Мамырбекова Г.А., Тойлыбек Г. ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҮЛҒАСЫ ӨБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ» ТРАКТАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИДЕЯСЫ	832
Орумбаева Д.Е. ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕСІ - ҰЛТТЫҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕСІ	836
Сахит Н.Т., Қоңырбаева С.С. ӘЛЕУМЕТТАҢУ ҚАЗІРГІ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА: МӘСЕЛЕЛЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР	842
Талипова Н.А., Мағауова А.С. ОПЫТ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ К РАБОТЕ В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ	847
Тао Жиге., Муратбаева Г.А. ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ВОЛОНТЕРСКОГО ДВИЖЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКЕ	851
Тұрсынбай Ж.З., Құдайбергенова А.М. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ САПАЛАРЫН ДАМУ	855
Умирбаева Р.Б. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ СИСТЕМЫ ФИНЛЯНДИИ И КАЗАХСТАНА В СРАВНИТЕЛЬНОМ АСПЕКТЕ	858
Чжан Цзяцзинь, Аринова Б.А. ИССЛЕДОВАНИЕ ПОЛОЖЕНИЯ ДЕЛ В ОБЛАСТИ ДУХОВНОГО И НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ	864
Сейтказиева Н.А. СОВРЕМЕННОЕ ПОЛИЛИНГВАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ	867

**«ӘЛЕУМЕТТАҢУ ҚАЗІРГІ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА:
МӘСЕЛЕЛЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР»**

**«СОЦИОЛОГИЯ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ РЕАЛЬНОСТИ:
ПРОБЛЕМЫ, РИСКИ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**«SOCIOLOGY IN THE CONDITIONS OF MODERN REALITY:
PROBLEMS, RISKS AND PERSPECTIVES»**

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС: ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚИЫНДЫҚТАР»
«СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА В КАЗАХСТАНЕ: ИЗМЕНЕНИЯ И ОТВЕТЫ НА ВЫЗОВЫ»
«SOCIAL WORK IN KAZAKHSTAN: CHANGES AND RESPONSES TO CHALLENGES»**

Амангелдин І.С. ӘЛЕУМЕТТАҢУ ҚАЗІРГІ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА: МӘСЕЛЕЛЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАР	871
Амирханова М.М. ЭТНИКААРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРІ	876
Ахимова А.Ж. АНАЛИЗ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ТЬЮТОРОВ И ПЕДАГОГОВ-АССИСТЕНТОВ В ОБУЧЕНИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ	880
Abdrakhman N.E. THE ROLE OF THE FAMILY IN SOCIAL SUPPORT AND RECONSTRUCTION OF CHILDREN WITH DISABILITIES	884
Aubakir A.S. ANALYSIS OF THE RELATIONSHIP BETWEEN EMOTIONAL INTELLIGENCE AND PROFESSIONAL COMPATIBILITY OF A SOCIAL WORK	887
Арсланбекова Э.М. ADDICTIVE BEHAVIOR AS A FORM OF DEVIANT BEHAVIOR OF YOUTH	893
Батырбаева А.Т. АУЫЛДАҒЫ КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС	898
Болат Ж.Б. ОТБАСЫ АЖЫРАСУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	902
Еламанова А.С. ЖАС ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАР ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУДІҢ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ	906
Eleusizova N.T. PROBLEMS OF SOCIALIZATION OF CHILDREN WITH AUTISM SPECTRUM DISORDERS IN ALMATY	910
Злавицкая Ю.Т. ИНФОРМАТИЗАЦИЯ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СО СТРАНАМИ ЕВРОПЫ	914